

## Педагогикалық мамандыққа кіріспе

**Педагогикалық мамандық** — қазіргі уақыттағы ең белгілі мамандықтардың бірі, тіпті осы мамандық басқа да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, себебі еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі. Педагогикалық мамандық – педагогикалық үдерісте тәрбиеленуші тұлғасын тәрбиелеудің, дамытудың, оның өзінше дамуының оңтайлы жағдайларын тудыруға және өзін еркін және шығармашылықта көрсетудің мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет. Педагогикалық мамандықтың негізгі ерекшелігі мұғалімнің талаптары мен мақсаттарының оқушының мақсаттарымен, мүмкіндіктерімен, тілектерімен сәйкестігі; педагогикалық қызметті сәтті жүзеге асыру мұғалімнің педагогикалық технологияны, педагогикалық техниканы игеруімен, оның кәсіби санасының деңгейімен байланысты.

Педагогикалық мамандық қалыптаса бастағаннан-ақ мұғалімдерге, ең алдымен, тәрбиелеушілік, бірегей және бөлінбейтін функция тән болды. Мұғалім дегеніміз — тәрбиеші, тәлімгер. Оның азаматтық, адами маңызы да осы. ҚР «Білім туралы» заңына, 2020-2025 жылдарға арналған ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, ҚР жаңа формациялы педагогтың үздіксіз педагогикалық білім берудің Тұжырымдамасына сәйкес жасалған.

Сонымен, кәсіп — көп мағыналы ұғым. Ол қазіргі педагогикалық ғылымда былай сипатталады:

- қызмет түрі, адамның орындайтын еңбек функцияларының жүйесі;
- әлеуметтік тұрғыдан мойындалатын, заңды түрде бекітілген еңбек орны;
- кәсіби дайындықтың айрықша жүйесін алған маманның белгілі бір тәжірибесінің болуы;
- белгілі бір қызмет түрімен шұғылданатын адамдардың жиыны.

Педагогикалық қызметке деген қызығушылығын, жауапкершілігін арттыру мақсатында «Педагогикалық сынып» педагогикалық мамандық таңдаушы оқушыларға көмектесу, ақыл- кеңес, ұсыныстар беру мақсатындағы нақтыланған мектептердің педагогикалық ұжымымен бірлескен жоба аясында жұмыстың негізгі түрткісі мынадай болды.

2011-12 оқу жылында мектебіміз қазақ мектеп – лицейі болып ашылды. Осы жылы Сарыарқа Дарын орталығының «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңіне жолдама алып, ІІІ орынға ие болып, «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасына жолдама алдық,

жылдар бойы осы олимпиадаға қатысып оқушыларды педагогика мамандығына қызықтыру жұмыстарын алып бару себеп болды.

Мақсатымыз – оқушылардың шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау; білім беру жүйесін жетілдіруге жас мұғалімдердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру.



Оқушыларды еңбекпен қамту аясында 3 жылда оқушыларымыз педагог мамандықтарын таңдау сатылап көтерілді.

№	2020-21		2021-22		2022-23	
	11 сынып	9 сынып	11 сынып	9 сынып	11 сынып	9 сынып
	4	7	7	9	10	11

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу –әдістемелік орталығының «Педагогикалық сынып»жобасын жүзеге асыру туралы 2022 жыл,16 қыркүйегіндегі №164 бұйрығы негізінде жоба жоспары жасалып, жоспарға сай жұмыстардың алғашқы қадамдары басталды.

1.Қыркүйек айында оқушылар арасында жүргізілген сауалнамалардағы кейбір цитаталарды келтіре кетейін.

**Қазіргі мұғалім – ол:**


- Мұғалім – мектептегі ең құнды, сондай-ақ баға жетпес қазына;
- Мұғалім оқушыларды жақсы көруі керек және міндетті түрде тіл табыса білуі қажет. Мұғалім әзілді түсіне білуі керек.
- Мұғалім өз оқушыларына үлгі болуы тиіс.
- Білім беретін мұғалім өзі жанып тұруы керек және өз пәніне барлық оқушының сүйіспеншілігін оятады;
- Мұғалім оқушы тұлғасын төмендетпейді;
- Сабырлы, өзінің теріс, жағымсыз эмоцияларын жасыра алады;
- Мұғалім материалды қызықтырып, қолжетімді түрде жеткізуі тиіс, оқытудың әдіс-тәсілдерін кезектеп беріп, жаңа түрлерін шығарып

отыруы тиіс. Оқушыға өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беріп отыруы қажет.

2. Оқушылардың «Өзін –өзі басқару» ұйымы 1- қазан мұғалімдер мерекесінде педагог болуды армандайтын оқушылармен өткізді.

3. «Мен мұғалім боламын» тақырыбында эссе жазып, сурет салды,бейне үндеу жасады.

Бейне үндеу: 1. <https://youtu.be/CCFfPEIfv-0>  
2. <https://youtube.com/shorts/zEbnBQR5IjY?feature=share>



Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және белсенді кәсіби позициясын дамыту үшін жағдай жасау. Педагогикалық мамандықтың мәртебесін және беделін арттыру үшін алдағы уақытта жобаны жүзеге асырудың бағыттары мен жұмыстың формаларын ұйымдастырамыз:

- Көрме;
- Шебер-сыныптар;
- Бейнебаян;
- Сұхбат;
- TEDx;
- т.б

Осыған орай ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады», – деген да сөздері бар.

Ұстаз - Қазақстан мемлекетінің патриотын тәрбиелеудегі белсенді насихаттаушы, рухани адамгершілікті, жауапкершілікті қалыптастырушы тұлға екендігін дәріптеу.

Болбаева Париди Абдирамановна

директордың бейіндік оқыту  
жөніндегі орынбасары